

Диссертациялық кеңес туралы
үлгі ережеге
2-қосымша

Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы ЕСЕП

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті жанындағы 8D054- Математика және статистика кадрларды даярлау бағыты бойынша 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы/ 6D060100 – Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңес

Диссертациялық кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті Төрағасының 2022 жылғы 18 сәуірдегі № 58 "Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестерді ашу туралы" бұйрығы негізінде жүзеге асырады (қолданылу мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық Кеңес туралы Үлгілік ереженің 3, 5, 7, 9, 10-тармақтарына сәйкес (өзгерту енгізілді-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2024 № 294 бұйрығымен) ғалымның шешімі негізінде Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті кеңесінің (2024 жылғы 28 тамыздағы № 1 Хаттама), Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма Төрағасы – ректорының 03.09.2024 ж. № 995 бұйрығымен. 8D054 Математика және статистика: 8D05401 / 6D060100 – Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық Кеңестің тұрақты мүшелерінің құрамы бекітілді.

Диссертациялық Кеңес (тұрақты құрам) 4 мүшеден тұрады: 2 Физика-математика ғылымдарының докторлары, 1 философия докторы (PhD), 1 Физика-математика ғылымдарының кандидаты,

оның ішінде 4-Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінен (Кесте 1).

Кесте 1. 6D060100 - "Математика" мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің құрамы

№	Т.А.Ә. (төрағаны, төрағаның орынбасарын, ғылыми хатшыны көрсете отырып)	Туған жылы, ұлты, азаматтығы	Негізгі жұмыс орны, лауазымы	Ғылыми дәрежесі, автореферат бойынша мамандық шифры, ғылыми атағы
1	Ешкеев Айбат Рафхатович (төрағасы)	1956 г, қазақ, ҚР	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, профессор Т.Ғ Мұстафин атындағы алгебра, математикалық логика және геометрия кафедрасының зерттеуші-профессоры, Қарағанды қ.	Ф.-м.ғ.д., 01.01.06, қауымдастырылған профессор,

2	Рамазанов Мурат Ибраевич (төрағаның орынбасары)	1949 г., казак, ҚР	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Математикалық анализ және дифференциалдық теңдеулер кафедрасының құрметті профессоры, Қарағанды қ.	Ф.-м.ғ.д., 01.01.02, профессор,
3	Космақова Минзиля Тимербаевна (ғылыми хатшысы)	1969 г., башқұрт, ҚР	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Математикалық анализ және дифференциалдық теңдеулер кафедрасының профессоры, Қарағанды қ.	Философия докторы (PhD), 6D060100, қауымдастырылған профессор
4	Орумбаева Нургул Тумарбековна	1978 г., казак, ҚР	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Математикалық анализ және дифференциалдық теңдеулер кафедрасының профессоры, Қарағанды қ.	Ф.-м.ғ.к., 01.01.02, қауымдастырылған профессор

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер:

Есепті 2024 жылы диссертациялық кеңестің 22 (жиырма екі) отырысы өткізілді:

№ 01.02.2024 - 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мусина Назерке Мухтарамқызының «Йонсондық теориялардың гибридтерінің компаньондарының модельді-теоретикалық қасиеттері» («Теоретико-модельные свойства компаньонов гибридов йонсоновских теорий») тақырыбындағы диссертациясын қорғауға қабылдау.

№ 2 01.02.2024 - 8D05401 — Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Попова Надежда Викторовнаның «Совершенные фрагменты с условием выпуклости и их классы моделей» («Дөңестілік шартымен кемел фрагменттер және олардың модельдер класстары») тақырыбындағы диссертациясын қорғауға қабылдау;

№ 3 02.02.2024 - 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Омарова Махабат Төлеуовнаның «Теоретико-модельные свойства центральных типов выпуклых йонсоновских теорий» («Дөңес йонсондық теориялардың централдық типтерінің модельді-теоретикалық қасиеттері») тақырыбындағы диссертациясын қорғауға қабылдау;

№ 4 06.03.2024 сағат 11.00 - 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мусина Назерке Мухтарамқызының «Йонсондық теориялардың гибридтерінің компаньондарының модельді-теоретикалық қасиеттері» («Теоретико-модельные свойства компаньонов гибридов йонсоновских теорий») тақырыбындағы диссертациясын қорғау;

№ 5 06.03.2024 сағат 14.00 - 8D05401 — Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Попова Надежда Викторовнаның «Совершенные фрагменты с условием выпуклости и их классы моделей» («Дөңестілік шартымен кемел фрагменттер және олардың модельдер класстары») тақырыбындағы диссертациясын қорғау;

№ 6 07.03.2024 сағат 11.00 - 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Омарова Махабат Толеуовнаның «Теоретико-модельные свойства центральных типов выпуклых йонсоновских теорий» («Дөңес йонсондық теориялардың централдық типтерінің модельді-теоретикалық қасиеттері») тақырыбындағы диссертациясын қорғау;

№ 7 12.03.2024 - 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Әбек Ажар Нартайқызының «Жалпыланған бөлшекті-максималды функциядан туындаған конустар және ауыстырмалы-инварианттық кеңістіктерге енгізулер» («Конусы, порожденные обобщенной дробно-максимальной функцией, и вложения в перестановочно-инвариантные пространства») тақырыбындағы диссертациясын қорғауға қабылдау;

№ 8 12.03.2024 - 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жаңабергенова Назерке Салменқызының «Квазисызықты және бисызықты дискреттік операторлардың салмақты бағалаулары» («Весовые оценки квазилинейных и билинейных дискретных операторов») тақырыбындағы диссертациясын қорғауға қабылдау;

№ 9 09.04.2024 - 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Исаева Айгуль Койшибаевнаның «Теоретико-модельные свойства счетных моделей экзистенциально простых йонсоновских теорий» («Экзистенциалды жай йонсондық теориялардың саналымды модельдерінің теориялық және модельдік қасиеттері») тақырыбындағы диссертациясын қорғауға қабылдау;

№ 10 26.04.2024 сағат 11.00 - 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Әбек Ажар Нартайқызының «Жалпыланған бөлшекті-максималды функциядан туындаған конустар және ауыстырмалы-инварианттық кеңістіктерге енгізулер» («Конусы, порожденные обобщенной дробно-максимальной функцией, и вложения в перестановочно-инвариантные пространства») тақырыбындағы диссертациясын қорғау;

№ 11 26.04.2024 сағат 14.00 - 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жаңабергенова Назерке Салменқызының «Квазисызықты және бисызықты дискреттік операторлардың салмақты бағалаулары» («Весовые оценки квазилинейных и билинейных дискретных операторов») тақырыбындағы диссертациясын қорғау;

№ 12 06.05.2024 - 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Уркен Гулжан Атькенқызының «Йонсондық теориялардың ұқсастығы» («Подобие йонсоновских теорий») тақырыбындағы диссертациясын қорғауға қабылдау;

№ 13 06.05.2024 - 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жумабекова Галия Еркиновнаның «Рұқсат етілген байытулардағы йонсондық қосарлар» («Йонсоновские пары в допустимых обогащениях») тақырыбындағы диссертациясын қорғауға қабылдау;

№ 14 24.05.2024 сағат 11.00 - 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Исаева Айгуль Койшибаевнаның «Теоретико-модельные свойства счетных моделей экзистенциально простых йонсоновских

теорий» («Экзистенциалды жай йонсондық теориялардың саналымды модельдерінің теориялық және модельдік қасиеттері») тақырыбындағы диссертациясын қорғау;

№ 15 14.06.2024 сағат 11.00 - 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Уркен Гулжан Атькенқызының «Йонсондық теориялардың ұқсастығы» («Подобие йонсоновских теорий») тақырыбындағы диссертациясын қорғау;

№ 16 14.06.2024 сағат 14.00 - 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жумабекова Галия Еркиновнаның «Рұқсат етілген байытулардағы йонсондық қосарлар» («Йонсоновские пары в допустимых обогачениях») тақырыбындағы диссертациясын қорғау;

№ 17 02.09.2024 - 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Төлеубай Алтын Мұқанқызының «Екі өлшемді кеуекті ортадағы Стокс теңдеулер жүйесінің аттракторлары туралы» (Об аттракторах системы уравнений Стокса в двумерной пористой среде) тақырыбындағы диссертациясын қорғауға қабылдау;

№ 18 11.10.2024 сағат 11.00 - 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Төлеубай Алтын Мұқанқызының «Екі өлшемді кеуекті ортадағы Стокс теңдеулер жүйесінің аттракторлары туралы» (Об аттракторах системы уравнений Стокса в двумерной пористой среде) тақырыбындағы диссертациясын қорғау;

№ 19 20.11.2024 - 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Яруллина Алина Рашидовнаның «Рұқсат етілген байытулардағы йонсондық қосарлар» («Йонсоновские пары в допустимых обогачениях») тақырыбындағы диссертациясын қорғауға қабылдау;

№ 20 20.11.2024 - 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тунгушбаева Индира Оразбековнаның «Теоретико-модельные свойства алгебр, теории которых являются йонсоновскими» («Теориялары йонсондық болатын алгебралардың модельді-теоретикалық қасиеттері») тақырыбындағы диссертациясын қорғауға қабылдау;

№ 21 24.12.2024 сағат 11.00 - 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Яруллина Алина Рашидовнаның «Рұқсат етілген байытулардағы йонсондық қосарлар» («Йонсоновские пары в допустимых обогачениях») тақырыбындағы диссертациясын қорғау;

№ 22 24.12.2024 сағат 14.00 - 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тунгушбаева Индира Оразбековнаның «Теоретико-модельные свойства алгебр, теории которых являются йонсоновскими» («Теориялары йонсондық болатын алгебралардың модельді-теоретикалық қасиеттері») тақырыбындағы диссертациясын қорғау.

Диссертацияларды қорғау туралы ақпарат және барлық қажетті құжаттар Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің сайтында қолжетімді <https://buketov.edu.kz/ru/page/ds/2024-6D060100> және ҚР ҰӘҚ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жолданды.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (жоқ).

Есепті кезеңде отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

Диссертацияларын қорғаған докторанттар туралы мәліметтер 2 кестеде келтірілген. Басқа оқу ұйымдарынан үш диссертация түсті.

Кесте 2. 2024 жылы диссертацияларын қорғаған докторанттардың тізімі

№	Докторанттың Т.А.Ә	Оқу орны	Ғылыми кеңесшілері
1	Мусина Назерке Мухтарамқызы	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Ешкеев Айбат Рафхатович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан; Судоплатов Сергей Владимирович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Новосібір мемлекеттік университеті, РҒА СБ С.Л. Соболев атындағы Математика институты, Новосібір қаласы, Ресей.
2	Попова Надежда Викторовна	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Ешкеев Айбат Рафхатович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан; Морозов Андрей Сергеевич – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, РҒА СБ С.Л. Соболев атындағы Математика институты, Новосібір мемлекеттік университеті, Новосібір қаласы, Ресей.
3	Омарова Махабат Толеуовна	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Ешкеев Айбат Рафхатович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан; Судоплатов Сергей Владимирович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Новосібір мемлекеттік университеті, РҒА СБ С.Л. Соболев атындағы Математика институты, Новосібір қаласы, Ресей.
4	Әбек Ажар Нартайқызы	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Бокаев Нуржан Адилханович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан; Гогатишвили Амиран – PhD, Чехия ғылым Академиясының Математика Институты, Прага қаласы, Чехия.
5	Жаңабергенова Назерке Салменқызы	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Темирханова Айнур Маралқызы – PhD, қауымдастырылған профессор (доцент), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан;

			Қалыбай Айгерім Айсұлтанқызы – физика-математика ғылымдарының кандидаты, PhD, профессор, КИМЭП университеті, Алматы қаласы, Қазақстан; Массимо Ланза де Кристофорис – PhD, Падуа университетінің профессоры, Падуа қаласы, Италия.
6	Исаева Айгуль Койшибаевна	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Ешкеев Айбат Рафхатович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан; Судоплатов Сергей Владимирович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Новосібір мемлекеттік университеті, РҒА СБ С.Л. Соболев атындағы Математика институты, Новосібір қаласы, Ресей.
7	Уркен Гулжан Атькенқызы	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Ешкеев Айбат Рафхатович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан; Морозов Андрей Сергеевич – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, РҒА СБ С.Л. Соболев атындағы Математика институты, Новосібір мемлекеттік университеті, Новосібір қаласы, Ресей.
8	Жумабекова Галия Еркиновна	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Ешкеев Айбат Рафхатович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан; Судоплатов Сергей Владимирович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Новосібір мемлекеттік университеті, РҒА СБ С.Л. Соболев атындағы Математика институты, Новосібір қаласы, Ресей.
9	Төлеубай Алтын Мұқанқызы	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Бекмаганбетов Куаныш Абдрахманович – физика-математика ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (Қазақстан филиалы), Астана қаласы, Қазақстан; Чечкин Григорий Александрович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Мәскеу қаласы, Ресей
10	Яруллина Алина Рашидовна	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Ешкеев Айбат Рафхатович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан; Судоплатов Сергей Владимирович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Новосібір мемлекеттік университеті, РҒА СБ С.Л. Соболев атындағы Математика институты, Новосібір қаласы, Ресей.

11	Тунгушбаева Индира Оразбековна	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Ешкеев Айбат Рафхатович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан; Судоплатов Сергей Владимирович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Новосібір мемлекеттік университеті, РҒА СБ С.Л. Соболев атындағы Математика институты, Новосібір қаласы, Ресей.
----	--------------------------------------	---	---

4. Есепті жыл ішінде Кеңес қараған диссертацияларға қысқаша талдау:

Мусина Назерке Мухтарамқызының 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Йонсондық теориялардың гибридтерінің компаньондарының модельді-теоретикалық қасиеттері» («Теоретико-модельные свойства компаньонов гибридов йонсоновских теорий») тақырыбындағы диссертациясы

1) **Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.** Диссертациялық жұмыста бекітілген гибридтердің әртүрлі компаньондарының модельді-теоретикалық қасиеттері зерттеледі. Теориялардың мұндай қасиеттеріне қазіргі модельдер теориясының барлық дерлік классикалық атрибуттары жатады, мысалы, тұрақтылық, категорлылық, қатты минималдылық, модельді толықтық, аксиоматизациялау, интерпретациялау, спектрлік мәселелер және т.б. Семантикалық аспектіге келетін болсақ, бізді келесі ұғымдарға қатысты гибридтің семантикалық моделінің анықталатын формулалық ішкі жиындары тұжырымдамасымен байланысты әртүрлі қасиеттер қызықтырады: атомдық, алгебралық айлылық, экзистенциалдық тұйықтық, дөңестік. Теориялардың тағы да дербес қасиеті ол - экзистенциалды жайлылық. Бұл жұмыс бойынша әрқашанда осы айтылған шарттар қарастырылып отырған объектілерге орындалады.

Диссертацияда келесі жаңа нәтижелер алынды:

1) Экзистенциалды жай дөңес $\forall E$ -толық йонсондық теориялардың класындағы модельді үйлесімділігі мен ω -категорлылығы қарастырылды.

2) Кейбір бекітілген йонсондық теорияның семантикалық моделінің арнайы ішкі жиындарының модельді-теоретикалық қасиеттеріне байланысты нәтиже алынды. Қарастырылып отырған фрагменттердің гибридтің құрамында арнайы ядролық ішкі жиын, анықталған тұйықталу бар, ол қарастырылып отырған теорияның алгебралық жай моделі болып табылатын кейбір экзистенциалды тұйық модельмен берілді.

3) Позитивті йонсондық теориялардың фрагменттерінің гибридтерінің модельді үйлесімділігі мен ω -категорлылығы қарастырылды.

4) Йонсондық теорияның екі экзистенциалды тұйық модельдері үшін сыртқы және ішкі дүниелер арасындағы байланыстың ерекшелігі қарастырылды.

5) Бекітілген Робинсон спектрінің мұрагер косемантылық класының централдық типінің қатты минималдылығы тілінде саналымсыз категорлылықтың критерийі алынды.

6) Бекітілген сигнатураның саналымды тілінің модельдерінің аксиоматизацияланатын класының йонсондық компаньонының косеманттылық кластарының гибридтерінің синтаксистік ұқсастығының критерийі алынды.

7) Кез келген кемел йонсондық гибрид үшін кейбір синтаксистік ұқсас полигон теорияларының табылуы зерттелді.

2) Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы. Диссертациялық зерттеудің тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық

жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды гранттық қаржыландыру аясында, яғни №АР09260237 «Косемантикалық кластар және олардың модельдерінің кластары» (2021-2023 ж.) тақырыбы бойынша грант қолдауымен жүзеге асырылды.

3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелерді теориялық сипатта және өзінің негізгісі бойынша модельдер теориясының іргетас тұғырын дамытуға қолдануға болады. Алынған нәтижелерді математика мамандығы бойынша магистратура және докторантурада арнайы курстарды оқу кезінде, гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобалар дайындау барысында пайдалануға болады.

Попова Надежда Викторовнаның 8D05401 — Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Совершенные фрагменты с условием выпуклости и их классы моделей» («Дөңестілік шартымен кемел фрагменттер және олардың модельдер класстары») тақырыбындағы диссертациясы.

1) қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау. Диссертациялық зерттеудің негізгі мақсаты қарастырылып отырған йонсондық теорияның семантикалық моделінің бекітілген ішкі жиындарының фрагменттерін зерттеу аясында жаңа модельді-теоретикалық ұғымдардың сипаттамасын алу болып табылады. Диссертациялық жұмыста модельдер теориясының классикалық зерттеу әдістерін, сонымен қатар семантикалық әдісті қарастырамыз. Бұл әдістің мәні қарастырылып отырған йонсондық теорияның центрінен предикаттар санағының бірінші ретті қасиеттерін осы теорияның өзіне көшіру болып табылады. Сонымен қатар йонсондық жиындарды және олардың дөңес фрагменттерін зерттеуге, сондай-ақ бекітілген фрагменттердің центрінің бірінші ретті қасиеттерін фрагменттің өзіне көшіру болып табылатын семантикалық әдіс қолданылады.

Диссертацияда келесі жаңа нәтижелер алынды:

1) Бекітілген центрі бар кемел йонсондық теорияның голографиялық моделінің бар болуы туралы теорема алынды;

2) Кемел ядролық теорияның ядролық моделі және бұл модельдің осындай теорияның Кайзер қабықшасымен байланысы сипатталды;

3) Модельдің ядролығына қатысты экзистенциалды алгебралық жай теорияның алгебралық жай моделі сипатталды, егер осындай модель бар болса;

4) Кемел, дөңес, экзистенциалды толық және экзистенциалды жай йонсондық теория центрінің ядролық модельдерін сипатталды;

5) Кемелділікке және толықтығы шектелген экзистенциалды жай шарты орындалатын алгебралық жай жиынның фрагментінің модельді-теоретикалық қасиеттері сипатталды;

6) Бекітілген фрагменттерді анықтайтын алгебралық жай жиындар сипатталды;

7) Толықтығы шектелген дөңес, кемел, экзистенциалды жай фрагменттердің центрінің ядролық моделінің бар болуы критерийі сипатталды;

8) Көптүрліліктің бекітілген робинсондық мұрагер спектрінен косеманттылық класынан қатты минималды централдық типтері сипатталды.

2) Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы. Диссертациялық зерттеудің тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды гранттық қаржыландыру аясында, яғни №АР09260237 «Косемантикалық кластар және олардың модельдерінің кластары» (2021-2023 ж.) тақырыбы бойынша грант қолдауымен жүзеге асырылды.

3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Диссертация нәтижелері теориялық сипатта болады. Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелерді жоғары ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер жүйелері үшін шеттік есептерге қолдануға болады. Алынған нәтижелерді математика мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура және докторантурада арнайы курстарды оқу кезінде, гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобалар дайындау барысында пайдалануға болады.

Омарова Махабат Толеуовнаның 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Кейбір интегралданатын спиндік жүйелер және олармен байланысты сызықты емес теңдеулер» («Некоторые интегрируемые спиновые системы и связанные с ними нелинейные уравнения») тақырыбындағы диссертациясы

1) **Қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау.** Диссертациялық зерттеудің негізгі мақсаты – берілген дөңес йонсондық теорияның семантикалық моделінің бекітілген ішкі жиындарының фрагменттерін дөңес йонсондық теорияларды зерттеу аясында жаңа моделді-теориялық ұғымдар мен қасиеттердің сипаттамасын алу.

1) йонсондық теориялар аясында А.Д. Таймановтың сұрақтарын қайта анықтауға қатысты нәтиже алынды;

2) кейбір қатты дөңес фрагменттердің моделді-теориялық қасиеттерімен және кемел қатты дөңес йонсондық теориямен байланысты нәтиже алынды;

3) (n_1, n_2) - йонсондық теориялар қарастырылып, олардың модельді компаньондарына қатысты нәтижелер алынды;

4) қарастырылып отырған (n_1, n_2) -позитивті йонсондық теориялар және осы теориялардың экзистенциалды тұйық модельдерінің тізбелеріне қатысты критерий алынды;

5) дөңес йонсондық теориялардың централдық типтері және $cl = acl = dcl$ шартымен қатты дөңес йонсондық теориялардың қатты минималды формулалары бар централдық типтердің елеулі базасы зерттелді. Мұнда кез келген сигнатураның модельдерінің бекітілген класы үшін кейбір йонсондық теорияның және бекітілген йонсондық спектрдің кемел фрагменттерінің санына қатысты нәтиже алынды.

2) **Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.** Диссертациялық зерттеудің тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды гранттық қаржыландыру аясында, яғни №АР09260237 «Косемантикалық кластар және олардың модельдерінің кластары» (2021-2023 ж.) тақырыбы бойынша грант қолдауымен жүзеге асырылды.

3) **Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.**

Жұмыстың мазмұны теориялық сипатқа ие. Дөңес йонсондық теориялардың централдық типтерін және онымен байланысты модельді-теоретикалық атрибуттарды зерттеу йонсондық жиындардың фрагменттерінің модельді-теоретикалық қасиеттерін және классикалық модельдер теориясындағы олардың модельді кластарын одан әрі зерттеуде қолданылуы мүмкін. Бұл тақырыпты анықтайтын сұрақтар модельдер теориясының классикалық мәселелеріне қатысты болғандықтан, ғылыми және қолданбалы маңыздылығы теориялық математиканың әртүрлі салаларында модельдер теориясының барлық мүмкін қолдануларымен байланысты деп қорытынды жасауға болады және зерттеу нәтижелерін университеттің математика кафедраларында арнайы курстарды оқыту кезінде пайдалануға болады.

Әбек Ажар Нартайқызының 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Жалпыланған бөлшекті-максималды функциядан туындаған конустар және ауыстырмалы-инварианттық кеңістіктерге енгізулер» («Конусы, порожденные обобщенной дробно-максимальной функцией, и вложения в перестановочно-инвариантные пространства») тақырыбындағы диссертациясы.

1) **Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.** Жұмыстың мақсаты жалпыланған бөлшекті-максималды функцияны және жалпыланған бөлшекті-максималды функциялардың кеңістіктерін анықтау, мұндай кеңістіктерді ауыстырмалы-инварианттық кеңістіктерге енгізу мәселелерін зерттеу; жалпыланған бөлшекті-максималды функцияның өспейтін алмастыруларының бағалауларын алу; жалпыланған бөлшекті-максималды функцияның өспейтін алмастыруынан құрылған әртүрлі конустарды қарастыру және олардың өзара бұрқу шарттарын алу.

Диссертацияда келесі жаңа нәтижелер алынды:

жалпыланған бөлшекті-максималды функция анықталды, ол белгілі бір жағдайда классикалық бөлшекті-максималды функциямен сәйкес келеді;

жалпыланған бөлшекті-максималды функцияның өспейтін алмастыруы үшін әртүрлі бағалаулар алынды;

функциялардың өспейтін алмастыруымен байланысты әр түрлі конустар құрастырылды және мұндай конустардың өзара бұрқу шарттары алынды;

жалпыланған бөлшекті-максималды функция мен жалпыланған Рисс потенциалы арасындағы байланыстар қарастырылды;

жалпыланған бөлшекті-максималды функциялардың кеңістігін ауыстырмалы-инварианттық кеңістіктерге енгізу шарттары алынды, мұндай енгізу үшін оңтайлы ауыстырмалы-инварианттық кеңістіктің сипаттамасы алынды;

салмақты Лоренц кеңістігінде супремалды оператордың шенелген болуының шарттары алынды.

2) **Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.** Диссертациялық зерттеудің тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді: жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер, мамандандырылған ғылыми бағыт: математика және механика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер; іргелі зерттеулер Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды гранттық қаржыландыру аясында, яғни АР14869887 «Функционалдық кеңістіктердегі жалпыланған бөлшекті-максималды оператор, жалпыланған Рисс және Бессель потенциалдары және олардың қолданулары» (Обобщенный дробно-максимальный оператор, обобщенные потенциалы Рисса и Бесселя в функциональных пространствах и их приложения) (2020–2022). тақырыбы бойынша грант қолдауымен жүзеге асырылды.

3) **Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.**

Алынған нәтижелерді ауыстырмалы-инварианттық кеңістіктердегі басқа операторларды зерттеуде қолдануға болады. Жалпыланған бөлшекті-максималды функцияның интегралдық қасиеттерін зерттеу басқа интегралдық метрикадағы функцияның тегістік қасиеттерін одан әрі зерттеуге негіз болады. Алынған ғылыми нәтижелерді студенттер, магистранттар және докторанттарға арналған арнаулы курстарда пайдалануға болады.

Жанабергенова Назерке Салменқызының 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Квазисызықты және бисызықты дискреттік операторлардың салмақты бағалаулары»

(«Весовые оценки квазилинейных и билинейных дискретных операторов») тақырыбындағы диссертациясы.

1) **Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.** Зерттеу мақсаты: Квазисызықты, матрицасы бар квазисызықты және бисызықты операторлары үшін дискреттік салмақты Харди тәріздес теңсіздіктің орындалуының қажетті және жеткілікті шарттарын параметрлердің әр түрлі қатынастарында алу.

Диссертацияда келесі жаңа нәтижелер алынды:

– параметрдің $0 < q < \min\{p, r\} < \infty$ жағдайында дискреттік квазисызықты операторлар үшін салмақты Харди тәріздес теңсіздіктерінің орындалуының қажетті және жеткілікті шарттары алынды;

– параметрдің $0 < r < p \leq q < \infty$, $0 < p \leq 1$ жағдайында дискреттік квазисызықты оператор үшін Харди тәріздес теңсіздігінің орындалуының қажетті және жеткілікті шарттары алынды;

– параметрдің $0 < p \leq q < \infty$ жағдайында матрицасы бар дискреттік квазисызықты операторлар қатысқан Харди тәріздес теңсіздіктерінің орындалуының қажетті және жеткілікті шарттары алынды;

– параметрдің $0 < r < p \leq q < \infty$, $p > 1$ жағдайында матрицасы бар дискреттік квазисызықты оператор қатысқан Харди тәріздес теңсіздігінің орындалуының қажетті және жеткілікті шарттары алынды;

– параметрдің $0 < \min\{p, s\} < \max\{p, s\} \leq q < \infty$ жағдайында матрицасы бар дискреттік бисызықты оператор үшін Харди тәріздес теңсіздігінің орындалу критерийі алынды;

– параметрдің $0 < \min\{p, s\} \leq 1 < \max\{p, s\} \leq q < \infty$ жағдайында матрицасы бар дискреттік бисызықты оператор үшін Харди тәріздес теңсіздігінің орындалу критерийі алынды;

– параметрдің $1 < \min\{p, s\} \leq q < \max\{p, s\} < \infty$ жағдайында матрицасы бар дискреттік бисызықты оператор үшін Харди тәріздес теңсіздігінің орындалу критерийі алынды

2) **Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.** Диссертациялық зерттеудің тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді: жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер, мамандандырылған ғылыми бағыт: математика және механика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер; іргелі зерттеулер Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды гранттық қаржыландыру аясында, яғни АР09259084 " Салмақты кеңістіктерде сызықты, квазисызықты интегралдық және дискреттік операторлардың зерттеулері " (2020–2022). тақырыбы бойынша грант қолдауымен жүзеге асырылды.

3) **Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.**

Нәтижелерді анализдің әр түрлі салаларында қолдануға болады, мысалы гармоникалық анализде, дифференциалдық операторлардың спектрлік анализінде және олар механика, физика және техниканың қолданбалы есептерінде қолданысын табады.

Исаева Айгуль Койшибаевнаның 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Теоретико-модельные свойства счетных моделей экзистенциально простых йонсоновских теорий» («Экзистенциалды жай йонсондық теориялардың саналымды модельдерінің теориялық және модельдік қасиеттері») тақырыбындағы диссертациясы.

1) **Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.** Диссертацияның негізгі мақсаты – бекітілген индуктивті теорияның экзистенциалды тұйық модельдер класындағы атомдық немесе жай жағдайын қанағаттандыратын арнайы саналымды модельдерінің маңызды синтаксистік және семантикалық қасиеттерін зерттеу. Сонымен қатар, бұл модельдер белгілі семантикалық модельдің сәйкес анықталған ішкі жиындарының тұйықтау нәтижесінде алынған. Диссертацияны зерттеу әдістері модельдер теориясының көптеген

классикалық әдістерін, сондай-ақ қарастырылып отырған кейбір үлкен модельдің формулалық анықталатын ішкі жиындарын зерттеуге жылдам дамып келе жатқан теориялық және модельдік тәсілді қамтиды.

Диссертацияда келесі жаңа нәтижелер алынды:

1. Тұйықтамасы қарастырылып отырған йонсондық теорияның семантикалық моделінің анықталған ішкі жиындарындағы тұйықталу операторы көмегімен сәйкес атомдық модельдердің импликациясын беретін атомдық жиындардың барлық түрінің импликациясын алу үшін жеткілікті шарттарын табу;

2. Экзистенциалды жай теория үшін алгебралық жай модельдің критерийін алу, егер ол модель ядролы болса;

3. Кемел экзистенциалды жай теория фрагментінің аясында $(\nabla 1, \nabla 2) - cl - \Delta - nice$ а.р жиынының критерийін анықтау;

4. Дөңес кемел экзистенциалды жай фрагмент аясында ядролық модель критерийін анықтау;

5. Жақсы әлсіз дерлік $(\Sigma_1, \Sigma_1) - cl -$ атомдық және йонсондық теорияның $(\Sigma_1, \Sigma_1) - cl -$ алгебралық жай моделінің бар болуының жеткілікті шарттарын және олардың эквиваленттілік критерийін анықтау.

2) **Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.** Диссертациялық зерттеудің тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды гранттық қаржыландыру аясында, яғни №АР09260237 «Косемантикалық кластар және олардың модельдерінің кластары» (2021-2023 ж.) тақырыбы бойынша грант қолдауымен жүзеге асырылды.

3) **Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.**

Диссертация нәтижелері теориялық сипатта болады. Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелерді жоғары ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер жүйелері үшін шеттік есептерге қолдануға болады. Алынған нәтижелерді математика мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура және докторантурада арнайы курстарды оқу кезінде, гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобалар дайындау барысында пайдалануға болады.

Уркен Гулжан Атькенқызының 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Йонсондық теориялардың ұқсастығы» («Подобие йонсоновских теорий») тақырыбындағы диссертациясы.

1) **Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.** Диссертациялық зерттеудің негізгі мақсаты йонсондық теориялардың синтаксистік және семантикалық ұқсастықтарын зерттеу. Диссертациялық жұмыста классикалық моделдер теориясының негізгі әдістерінің бірі – ол семантикалық тәсіл. Бұл тәсілдің негізгі мазмұны қасиеттерді қарастырып отырған теорияға тасымалдау.

Диссертацияда келесі жаңа нәтижелер алынды:

1. Бульдік сақина мен Буль алгебра теориялардың синтаксистік ұқсастығы және өзара интерпретация жасайтыны қарастырылды;

2. Буль алгебрасы теориясы абельдік группа теориясына интерпретация жасайтыны қарастырылды;

3. Кез келген \exists -толық кемел йонсондық теория үшін кейбір синтаксистік ұқсас \exists -толық кемел йонсондық полигондар теориясы табылды;

4. Экзистенциалды жай дөңес йонсондық теорияның семантикалық моделінің йонсондық ішкі жиынының кемел фрагменттерінің синтаксистік және семантикалық ұқсастығының сипаттамасы алынды;

5. Йонсондық спектрлердің кластарының ұқсастығын зерттеу аясында нәтижелер алынды;

6. Кейбір йонсондық теорияның семантикалық моделінің ішкі жиындары бойынша форкинг қылмайтын қатынасты зерттеу аясында, егер бұл ішкі жиындар йонсондық болса, онда осы ішкі жиындарда алғашқы геометрияны анықтайтын тұйықталу операторының ұғымын қолданып, тұйықталу операторын сипаттайтын нәтижелер алынды.

2) **Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.** Диссертациялық зерттеу тақырыбы ғылыми дамудың басым бағытына сәйкес келеді: 4. Елдің зияткерлік әлеуеті, мамандандырылған ғылыми бағыты: 5. Математика, механика, астрономия, физика, химия, биология, информатика және география саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер.

3) **Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.**

Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер теориялық сипатқа ие, сонымен қатар модельдер теориясы аясында әрі қарай зерттелуде және де йонсондық теориялардың семантикалық және синтаксистік ұқсастықтарын зерттеуде қолданылуы мүмкін. Осы тақырыпқа қатысты негізгі сұрақтар модельдер теориясының классикалық түріне қатысты болғандықтан, математиканың қолданбалы және ғылыми салаларында қолданысқа ие.

Жумабекова Галия Еркиновнаның 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Рұқсат етілген байытулардағы йонсондық қосарлар» («Йонсоновские пары в допустимых обогашениях») тақырыбындағы диссертациясы.

1) **Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.** Диссертацияда келесі жаңа нәтижелер алынды: рұқсат етілген байытулардағы арнайы ішкі жиындардың фрагменттерінің кейбір модельді-теоретикалық қасиеттері алынды; модулярлы дөңес йонсондық және $\forall \exists$ -сөйлемдер үшін толық теориялар үшін ω -әлбеттілік критерийі алынды; рұқсат етілген байытулардағы бір сигнатурадан тұратын мұралы йонсондық теориялардың үшін кейбір модельді-теоретикалық қасиеттеріне қатысты нәтиже алынды; арнайы йонсондық геометрияны анықтайтын, тұйықталу операторы берілген семантикалық модельдердің арнайы ішкі жиындар аясында орбиталды типтер мен қатты минималды жиындардың қасиеттері алынды; йонсондық спектр үшін семантикалық қосарлардың эквиваленттілігінің критерийі алынды; арнайы ішкі жиындар йонсондық мұралы теорияның централды типінің орбитасынан алынған жағдайда семантикалық модельдегі J -қатты минималдық типтерге қатысты нәтижелер алынды; стабильді әрі мұралы теориялардың кейбір модельді-теоретикалық қасиеттері алынды; J -стабильділік пен классикалық стабильділікті байланыстыратын стабильділіктің жалпыламасы йонсондық спектр үшін дәлелденді; семантикалық қосар мен экзистенциалды шекті бүркеу қасиетінің стабильді кемел йонсондық спектр үшін негізгі қасиеттері алынды.

2) **Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.** Диссертациялық зерттеу тақырыбы ғылыми дамудың басым бағытына сәйкес келеді: 4. Елдің зияткерлік әлеуеті, мамандандырылған ғылыми бағыты: 5. Математика, механика, астрономия, физика, химия, биология, информатика және география саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер.

3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер теориялық сипатқа ие, сонымен қатар модельдер теориясы аясында әрі қарай зерттелуде және де йонсондық теориялардың семантикалық және синтаксистік ұқсастықтарын зерттеуде қолданылуы мүмкін. Осы тақырыпқа қатысты негізгі сұрақтар модельдер теориясының классикалық түріне қатысты болғандықтан, математиканың қолданбалы және ғылыми салаларында қолданысқа ие.

Төлеубай Алтын Мұқанқызының 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Екі өлшемді кеуекті ортадағы Стокс теңдеулер жүйесінің аттракторлары туралы» (Об аттракторах системы уравнений Стокса в двумерной пористой среде) тақырыбындағы диссертациясы.

1) **Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.** Бұл жұмыстың мақсаты тесіктерінің мөлшерін сипаттайтын шағын параметр және олардың арасындағы қашықтық нөлге ұмтылған кезде шағын тесіктері бар облыста берілген екі өлшемді Навье-Стокс теңдеулер жүйесі және жалпыланған екі өлшемді Навье-Стокс теңдеулер жүйелерінің аттракторының әрекетін зерттеу. Қойылған есептерді зерттеу үшін асимптотикалық талдау әдістері және дербес туындылы дифференциалдық теңдеулердің бастапқы-шеттік есептерін орташалау теориясы қолданылады.

Диссертацияда келесі жаңа нәтижелер алынды:

1. Периодты кеуекті ортада Навье-Стокс жазық есебінің траекториялық аттракторының шекті әрекеті сипатталды және жинақтылық шарттары алынды;

2. Локалды-периодты перфорацияланған ортада екі өлшемді Навье-Стокс есебінің траекториялық аттракторының шекті әрекеті сипатталды және жинақтылық шарттары алынды;

3. Локалды-периодты перфорацияланған ортада тұтқырлығы өзгермелі анизотропты сұйықтық үшін екі өлшемді Навье-Стокс есептерінің траекториялық аттракторының шекті әрекеті сипатталды және жинақтылық шарттары алынды

2) **Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.** Диссертациялық зерттеудің тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді: жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер, мамандандырылған ғылыми бағыт: математика және механика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер; іргелі зерттеулер Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды гранттық қаржыландыру аясында, яғни АР22684340 «Тербелмелі шекарасы бар перфорацияланған облыстағы Гинзбург-Ландау комплексті теңдеуінің аттракторларының асимптотикасы туралы» (Об асимптотике аттракторов комплексного уравнения Гинзбурга-Ландау в перфорированной области с осциллирующей границей) тақырыбы бойынша грант қолдауымен жүзеге асырылды.

3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Жұмыста алынған ғылыми нәтижелер жаңа және теориялық сипатта жасалған. Олар периодты және локалды-периодты перфорацияланған ортадағы екі өлшемді Навье-Стокс теңдеулер жүйесінің шешімдерінің ұзақ мерзімді әрекетін сипаттайды. Бұл нәтижелерді қолданбалы математикада ұсақ кедергілері бар жазық облыстардағы сұйықтықтардың қозғалысын сандық модельдеуде қолдануға болады.

Алынған ғылыми нәтижелерді магистратура мен докторантурада ғылыми кадрларды даярлау кезінде дербес туындылы дифференциалдық теңдеулердің элективті курстарының бөлімдері ретінде пайдалануға болады.

Ярулина Алина Рашидовнаның 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Рұқсат етілген

байытулардағы йонсондық қосарлар» («Йонсоновские пары в допустимых обогащениях») тақырыбындағы диссертациясы.

1) **Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.** Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты полигондардың йонсондық теорияларының және олардың модельдер кластарының модельді-теоретикалық қасиеттерін зерттеу болып табылады. Зерттеу барысында йонсондық теорияның қасиеттерін оның центрге ауыстырумен сипатталатын семантикалық әдіс қолданылды. Сонымен қатар, классикалық модельдер теориясы мен әмбебап алгебрадағы зерттеу әдістемелері қолданылды.

Жұмыста келесідей жаңа ғылыми нәтижелер алынды.

1. $RSp(K_{\mathbb{P}})/\cong_{ЭРМ}$ жиынының группасы аясында полигондардың йонсондық ЭРМ-теорияларының кластарының семантикалық модельдерінің косемантикалық критерийі.

2. $RSp(JC_U)/\cong$ (робинсондық унарларының йонсондық семантикалық квазикөптүрлігінің робинсондық спектрінің косемантикалық қатынас бойынша фактор-жиынтығы) жиынының косемантикалық кластарының сипаттамасы және олардың семантикалық модельдерінің сәйкес сипаттамалары $\mathbb{C}_{\Delta} \in JC_U$.

3. ω -әлбетті унарлардың робинсондық теорияларының $RSp(JC_U)/\cong$ (робинсондық унарларының йонсондық семантикалық квазикөптүрлігінің робинсондық спектрінің косемантикалық қатынас бойынша фактор-жиынтығы) жиынының косемантикалық кластарының сипаттамасы.

4. Йонсондық унарлардың примитивінің семантикалық моделінде экзистенциалды тұйық модельді ерекшелейтін жаңа унарлық P^1 предикаттық символымен және тұрақты символымен кеңейтілген сигнатурадағы унарлардың йонсондық примитивтерінің сипаттамасы.

2) **Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.** Диссертациялық зерттеудің тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды гранттық қаржыландыру аясында, яғни №АР09260237 «Косемантикалық кластар және олардың модельдерінің кластары» (2021-2023 ж.) тақырыбы бойынша грант қолдауымен жүзеге асырылды.

3) **Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.**

Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер теориялық сипатқа ие, сонымен қатар модельдер теориясы аясында әрі қарай зерттелуде және де йонсондық теориялардың семантикалық және синтаксистік ұқсастықтарын зерттеуде қолданылуы мүмкін. Осы тақырыпқа қатысты негізгі сұрақтар модельдер теориясының классикалық түріне қатысты болғандықтан, математиканың қолданбалы және ғылыми салаларында қолданысқа ие.

Тунгушбаева Индира Оразбековнаның 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Теоретико-модельные свойства алгебр, теории которых являются йонсоновскими» («Теориялары йонсондық болатын алгебралардың модельді-теоретикалық қасиеттері») тақырыбындағы диссертациясы.

1) **Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.** Диссертациялық зерттеудің мақсаты –диссертацияда қарастырылған йонсондық теорияларды анықтайтын негізгі ұғымдар арасындағы бастапқыда анықталған логикалық қатынастарға қатысты бекітілген теориялардың модельді-теоретикалық қасиеттерін зерттеу. Оларға келесі қасиеттер жатады: үйлесімді енгізілу қасиеті, амальгама қасиеті, аксиоматизация, толықтық, әлбеттілік, кемелділік, дөңестілік, қарастырылып отырған йонсондық спектрдің косемантикалық кластарының алгебралануы және осы кластардың әртүрлі қатынастары. Зерттеу әдістері. Бұл

диссертациялық зерттеуде қолданылатын негізгі әдістер — математикалық логика мен универсалды алгебраның классикалық әдістері, сондай-ақ йонсондық теорияларды зерттеу контекстінде арнайы қолданылатын заманауи әдістер.

Диссертацияда келесі жаңа нәтижелер алынды:

Диссертациялық зерттеу барысында бекітілген йонсондық теориялардың модельді-теоретикалық қасиеттерін зерттеу мақсатында келесі ұғымдар анықталды: AP-теория, JEP-теория, AJ-теория. Бұл ұғымдар жаңа, олар басқа авторлар тарапынан бұрын ұсынылмаған, бірақ йонсондық теорияларды ғана емес, сонымен қатар қарастырылып отырған тіл теорияларын зерттеудің құралдарын кеңейтуде өз қажеттілігін және пайдалығын көрсетті. Сондай-ақ, осы диссертациялық зерттеу аясында алынған барлық нәтижелер басқа авторлардың жұмыстарында жарияланбаған теоремалар болып табылады және модельдер теориясы мен оған қатысты салалардағы аппараттың дамуына жаңа, жаңаша көзқарас ұсынады.

2) **Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.** Диссертациялық зерттеудің тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды гранттық қаржыландыру аясында, яғни №AP09260237 «Косемантикалық кластар және олардың модельдерінің кластары» (2021-2023 ж.) тақырыбы бойынша грант қолдауымен жүзеге асырылды.

3) **Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.**

Ұсынылған диссертациялық жұмыс негізінен фундаменталды математика саласына қатысты зерттеулерге жатады, сондықтан ол теоретикалық сипатқа ие. Алынған нәтижелер модельдер теориясы, математикалық логика, универсалды алгебра және басқа да қатысты пәндермен байланысты зерттеулерде қолданылуы мүмкін.

5. Ресми рецензеттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Ресми рецензент туралы мәліметтер 3-кестеде келтірілген.

Кесте 3. Ресми рецензенттер туралы мәліметтер

№	Докторант АЖТ	Диссертация тақырыбы	Рецензенттер
1	Мусина Назерке Мухтарамқызы	«Йонсондық теориялардың гибридтерінің компаньондарының модельді-теоретикалық қасиеттері» («Теоретико-модельные свойства компаньонов гибридов йонсоновских теорий»)	1 Тусупов Джамалбек Алиаскарович – физика-математика ғылымдарының докторы (01.01.06 – Математикалық логика, алгебра және сандар теориясы), «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан; 2. Мархабатов Нурлан Дарханович – физика-математика ғылымдарының кандидаты (01.01.06 – Математикалық логика, алгебра және сандар теориясы), алгебра және геометрия кафедрасының оқытушы-зерттеуші, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
2	Попова Надежда	«Совершенные	1 Вербовский Виктор Валериевич –

	Викторовна	фрагменты с условием выпуклости и их классы моделей» («Дөңестілік шартымен кемел фрагменттер және олардың модельдер класстары»)	физика-математика ғылымдарының докторы (01.01.06 – Математикалық логика, алгебра және сандар теориясы), доцент, «Математика және математикалық модельдеу институты» РМК директорының орынбасары, Алматы қ., Қазақстан; 2. Башеева Айнур Орынбасаровна – PhD (6D060100-Математика), алгебра және геометрия кафедрасының доцентінің м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан.
3	Омарова Махабат Толлеуовна	«Теоретико-модельные свойства центральных типов выпуклых йонсоновских теорий» («Дөңес йонсондық теориялардың централдық типтерінің модельді-теоретикалық қасиеттері»)	1 Вербовский Виктор Валериевич – физика-математика ғылымдарының докторы (01.01.06 – Математикалық логика, алгебра және сандар теориясы), доцент, «Математика және математикалық модельдеу институты» РМК директорының орынбасары, Алматы қ., Қазақстан; 2. Исахов Асылбек Абдиашимович – PhD (6D060100 – Математика), қауымдастырылған профессор (доцент), Қазақстан-Британ техникалық университетінің академиялық сұрақтар жөніндегі проректоры, қолданбалы математика мектебінің профессоры, Алматы қ., Қазақстан.
4	Әбек Ажар Нартайқызы	«Жалпыланған бөлшекті-максималды функциядан туындаған конустар және ауыстырмалы-инварианттық кеңістіктерге енгізулер» («Конусы, порожденные обобщенной дробно-максимальной функцией, и вложения в перестановочно-инвариантные пространства»)	1. Сәрсенбі Әбдіжаһан Манапұлы – физика-математика ғылымдарының докторы (01.01.02 – Дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика), профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Математика» кафедрасының профессоры, Шымкент қ., Қазақстан; 2. Муканов Асхат Бирлесович – PhD (6D060100 – Математика), М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстан филиалының іргелі және қолданбалы математика кафедрасының доценті, Астана қ., Қазақстан.
5	Жаңабергенова Назерке Салменқызы	«Квазисызықты және бисызықты дискреттік операторлардың салмақты бағалаулары» («Весовые оценки квазилинейных и билинейных дискретных операторов»)	1. Нұрлыбекұлы Тұрдыбек – PhD (6D060100 – Математика «Қолданбалы математика»), есептеу және деректертану департаментінің профессоры, Astana IT University, Астана қ., Қазақстан; 2. Есиркегенов Нургиса Аманкелдиұлы – PhD (Mathematics Research - G1ZX),

			Инженерлік және Жаратылыстану ғылымдары факультетінің қауымдастырылған профессоры, SDU University, Қаскелең қ., Қазақстан.
6	Исаева Айгуль Койшибаевна	«Теоретико-модельные свойства счетных моделей экзистенциально простых йонсоновских теорий» («Экзистенциалды жай йонсондық теориялардың саналымды модельдерінің теориялық және модельдік қасиеттері»)	1. Морозов Андрей Сергеевич – физика-математика ғылымдарының докторы, Новосибирск мемлекеттік университеті профессоры, РҒА СБ С.Л. Соболев атындағы Математика институтының бас ғылыми қызметкері, Новосибирск қ., Ресей; 2. Башеева Айнур Орынбасаровна – PhD (6D060100-Математика), алгебра және геометрия кафедрасының доцентінің м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан.
7	Уркен Гулжан Атькенқызы	«Йонсондық теориялардың ұқсастығы» («Подобие йонсоновских теорий»)	1 Тусупов Джамалбек Алиаскарович – физика-математика ғылымдарының докторы (01.01.06 – Математикалық логика, алгебра және сандар теориясы), «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан; 2. Исахов Асылбек Абдиашимович – PhD (6D060100 – Математика), қауымдастырылған профессор (доцент), Қазақстан-Британ техникалық университетінің академиялық сұрақтар жөніндегі проректоры, қолданбалы математика мектебінің профессоры, Алматы қ., Қазақстан.
8	Жумабекова Галия Еркиновна	«Рұқсат етілген байытулардағы йонсондық қосарлар» («Йонсоновские пары в допустимых обогащениях»)	1. Башеева Айнур Орынбасаровна – PhD (6D060100-Математика), алгебра және геометрия кафедрасының доцентінің м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан; 2. Мұстафа Манат – PhD (6D060100 – Математика «Қолданбалы математика»), ассистент-профессор, Назарбаев университеті, Астана қ., Қазақстан.
9	Төлеубай Алтын Мұқанқызы	«Екі өлшемді кеуекті ортадағы Стокс тендеулер жүйесінің аттракторлары туралы» («Об аттракторах системы уравнений Стокса в двумерной пористой среде»)	1. Аниязов Альмир Аскарлович – физика-математика ғылымдарының кандидаты (01.01.02 – Дифференциалдық тендеулер және математикалық физика), қауымдастырылған профессор., Астана Халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан; 2. Сәрсенбі Әбдіжахан Манапұлы –

			физика-математика ғылымдарының докторы (01.01.02– Дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика), профессор, «Математика» кафедрасының профессоры, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ., Қазақстан.
10	Яруллина Алина Рашидовна	«Совершенные йонсоновские полигоны и их фрагменты» («Кемел йонсондық полигондар және олардың фрагменттері»)	1 Вербовский Виктор Валериевич – физика-математика ғылымдарының докторы (01.01.06 – Математикалық логика, алгебра және сандар теориясы), доцент, «Математика және математикалық модельдеу институты» РМК директорының орынбасары, Алматы қ., Қазақстан; 2. Башеева Айнур Орынбасаровна – PhD (6D060100-Математика), алгебра және геометрия кафедрасының доцентінің м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан.
11	Тунгушбаева Индира Оразбековна	«Теоретико-модельные свойства алгебр, теории которых являются йонсоновскими» («Теориялары йонсондық болатын алгебралардың модельді-теоретикалық қасиеттері»)	1. Нуракунов Анвар Мухпарович – физика-математика ғылымдарының докторы (01.01.06 – Математикалық логика, алгебра және сандар теориясы, 01.01.04 – Топология және геометрия), Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Математика институтының бас ғылыми қызметкері, Бішкек қ., Қырғызстан; 2. Бекенов Махсут Искандерович – физика-математика ғылымдарының кандидаты (01.01.06 – Математикалық логика, алгебра және сандар теориясы), доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алгебра және геометрия» кафедрасының доценті, Астана қ., Қазақстан

Рецензиялау рәсімін жүзеге асыру жөніндегі нормативтік құжаттамаға сәйкес жоғарыда аталған рецензенттер философия докторы (PhD), кадрларды даярлау бағыты бойынша бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңеске 8D05401 / 6D060100 – Математика мамандығы бойынша кемінде 5 ғылыми жарияланым ұсынды. докторанттарды зерттеу салалары. Рецензенттердің пікірлері мерзімінде ұсынылды, негізгі жұмыс орны бойынша бұрыштама қойылды және Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің сайтында орналастырылды <https://buketov.edu.kz/ru/page/ds/2024-6D060100>.

Рецензенттер өз міндеттеріне адал қарады және диссертациялық зерттеулердің оң жақтарын көрсете отырып, жоғары білікті талдауды орындады. Рецензенттер тарапынан ресми қарым-қатынас фактілері байқалмады.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Жжжжкбү-да докторантураға түсу үшін қажетті құжаттар тізбесіне, жоғары оқу орнының тәжірибелі оқытушысы немесе ғылыми-зерттеу институтының қызметкері жаратылыстану ғылымдары бойынша PhD докторантурасына түсу кезінде балдарды көрсетпей, шет тілін меңгергенін растайтын сертификаттың болуы туралы тармақты ол шетелдік (жақсырақ) бойынша емтихан дайындап тапсырған жағдайда енгізу туралы қарауға, ағылшын) докторантурада оқу кезінде қажетті балмен. Мұндай келіп түскен басылымның рейтингтік ғылыми журналда болуы туралы талапты қосыңыз. Негіздеме: жарияланымның болуы өз саласында айтарлықтай білім мен дағдыларға ие екендігін растайды. Ағылшын тілін меңгеру деңгейі әлемдік ғылыми қауымдастықта табысты оқыту мен зерттеудің негізгі факторы болып табылатыны сөзсіз және ағылшын тілін жақсы меңгеру ғалымдарға әріптестерімен тиімдірек қарым-қатынас жасауды, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін сәтті жариялауды қамтамасыз етеді. Сондықтан докторантурада (оқудың бірінші жылында) оқу кезінде ағылшын тілінен емтихан дайындау және тапсыру ғалымдарға өздерінің тілдік дағдыларын одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді, бұл олардың ғылыми қызметінің сапасына және PhD бағдарламасын сәтті аяқтауына жағымды әсер етеді.

7. Философия докторы (PhD), бейне бойынша доктор ғылыми дәрежесін алу үшін қаралған диссертациялар туралы деректер

Кадрларды даярлау бағыты	8D054 Математика және статистика
қорғау қорытындысы бойынша оң шешімімен	11
оның ішінде басқа да оқу ұйымдарынан келген докторанттар	3
қараудан шығарылған диссертациялар	0
оның ішінде басқа да оқу ұйымдарынан келген докторанттар	0
рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар	0
оның ішінде басқа да оқу ұйымдарынан келген докторанттар	0
қорғау қорытындысы бойынша теріс шешімімен	0
оның ішінде басқа да оқу ұйымдарынан келген докторанттар	0
пысықтауға бағытталған диссертациялар	0
оның ішінде басқа да оқу ұйымдарынан келген докторанттар	0
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар	0
оның ішінде басқа да оқу ұйымдарынан келген докторанттар	0

Диссертациялық кеңестің төрағасы,
физика-математика ғылымдарының докторы,
профессор



А.Р. Епкеев

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы,
PhD,
қауымдастырылған профессор (доцент)

М.Т. Космакова

« 10 » 01 2024 ж.